NAZARBAYEV UNIVERSITY

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 03.05.2022

Күшіне енген күні: 07.12.2021

Қолжетімділік деңгейі: Ашық қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.1 ADMS

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 53-н/қ

Иесі: Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі

Қайта қарау күні: 19.12.2022

Қолданылуы: НУ және НУ талапкерлері

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің өмір туралы ғылымдар саласындағы PhD бағдарламасына, физика саласындағы PhD бағдарламасына, математика саласындағы PhD бағдарламасына оқуға қабылдау қағидалары

Күні: 14.05.2021

Тіркеу нөмірі:57-н/қ

Бекітуші орган: Провост

DIRECTUM-27926-3252207

1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) қабылдау процесінде басқару мен сақтауға арналған қағидалар мен рәсімдерді белгілейді.

1.2. Осы Қағидалар мен рәсімдер «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына және жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына өтінім беретін үміткерлерге қолданылады.

2-бөлім. Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын аббревиатуралар мен қысқартулардың негізгі ұғымдары мен мағыналары:

2.1.1. **CGPA** (Cumulative Grade Point Average) – студенттің дәреже алуға ықпал ететін барлық бағаларының орташа мәнін есептеу;

2.1.2. **ETS** (Educational Testing Service) **–** тестілеу мен бағалауды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және TOEFL-ді қоса алғанда, халықаралық емтихандарды әкімшілендіретін коммерциялық емес жеке білім беру ұйымы;

2.1.3. **GRE** (Graduate Record Examinations) – ETS, «Educational Testing Service» (АҚШ) әзірлеген вербальды ойлау, сандық пайымдау, аналитикалық жазу және сыни ойлау дағдыларын бағалау үшін пайдаланылатын стандартталған тест;

2.1.4. **IELTS** (International English Language Testing System, академиялық нұсқа) – Британдық Кеңес, «IDP Education» және «Cambridge English Language Assessment» бірлесіп әкімшілендіретін, ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

2.1.5. **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language) – «Educational Testing Service» (АҚШ) әзірлеген ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

2.1.6. **Сыртқы сарапшы** – Университеттің басқа Мектебінің немесе тиісті келісім бойынша Серіктес мекеменің немесе халықаралық деңгейде танылған университеттің және/немесе тиісті ресурстары (зияткерлік, ғылыми, әдістемелік, білім беру, технологиялық, техникалық, адами) бар және өз қызметін ғылыми-зерттеу, оқытудың заманауи әдістемесі мен технологиялары, білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру және т.б. сияқты салалардың бірінде немесе бірнешеуінде жүзеге асыратын, яғни талапкерлерге сараптама мен бағалауды жүргізумен айналысатын, сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету үшін сыртқы оқырман немесе бағалаушы ретінде әрекет ететін ғылыми-зерттеу институтының өкілі;

2.1.7. **Студенттерді оқуға қабылдау департаменті** – Университеттің университет алдындағы дайындық, бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларына студенттерді қабылдауды жүзеге асыруға жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшесі;

2.1.8. **Жеке кабинет –** үміткерге тіркелгеннен кейін Университеттің веб-сайтында (admissions.nu.edu.kz) жеке кеңістік беретін онлайн сервис;

2.1.9. **Іріктеу кезеңі** – онлайн тіркелуді, құжаттарды қарауды, бір немесе бірнеше қабылдау турларынан тұруы мүмкін бағалау мен қабылдау процестерін қамтитын Университетке өтініш беру мерзімдерінің жиынтығы;

2.1.10. **Қабылдау комиссиясы** – Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына қабылдау жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін құрылған Университеттің консультативтік-кеңесші органы;

2.1.11. **Қабылдау туры –** Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына қабылдаудың барлық кезеңінде өтініш беруден басталатын қабылдау процестерінің мерзімі;

2.1.12. **Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасы** – Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі іске асыратын осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада көрсетілген бағдарламалардың бірі;

2.1.13. **Магистратура/Докторантура бағдарламасының дайындық жылы –** Университеттің магистратура/докторантура бағдарламасына қабылданған, бірақ Мектепке тез арада түсу үшін қажетті ағылшын тілін білмейтін студенттерге арналған екі семестрлік, кредиттік емес, қарқынды ағылшын курсының және біліктілікті арттыру курсының күндізгі нысаны;

2.1.14. **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

2.1.15. **Шартты қабылдау/алу** – Магистратура/Докторантура бағдарламасының дайындық жылында оқитын үміткерлермен шектелген Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына үміткерлерді қабылдау/алу түрі;

2.1.16. **Мектеп** – жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларын ұсынатын Университеттің Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі.

2.2. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмаған терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарымен анықталады.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Түсуге қойылатын талаптар

3.1.1. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына қабылдау мериократияға негізделеді және конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.1.2. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына түсу үшін конкурсқа қатысуға осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелеріне сәйкес келетін үміткерлер жіберіледі.

3.1.3. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантураның әрбір бағдарламасы бойынша үміткерлерге қойылатын нақты талаптар осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада берілген.

Тест туралы сертификаттар, егер үміткерлер өтініш берген кезде олардың мерзімі аяқталмаса, жарамды болып саналады.

3.1.4. Академиялық және практикалық тәжірибенің өзектілігін, сондай-ақ бұрынғы дәрежелердің баламалылығы мен орындылығын Қабылдау комиссиясы айқындайтын болады.

3.1.5. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына құжаттар пакетінің бақылау тізімін Мектеп анықтайды және осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымша ретінде қоса беріледі.

3.2. Оқуға түсуге өтінім беру процесі

3.2.1. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасының бір немесе екі бағдарламасына өтінім беретін үміткерлер көрсетілген мерзімде Жеке кабинетте мынадай іс-қимылдарды орындауы қажет:

1) жеке деректерді өңдеуге келісімді қабылдау, онлайн өтінімді толтыру және жүктеу;

2) осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада көрсетілген қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелерін жүктеу;

3) Тест әкімшісі жүйесінде IELTS немесе TOEFL сертификатының жарамды балдарының нәтижелерін растау және оның сканерленген көшірмесін жіберу;

4) Университеттің Басқарушы кеңесі босатпаса, қайтарылмайтын тіркеу жарнасын төлеу. Тіркеу жарнасының мөлшерін Университеттің Басқарушы кеңесі бекітеді.

3.2.2. Қажет болған жағдайда Қабылдау комиссиясы және/немесе Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қосымша құжаттарды сұрай алады.

3.2.3. Оқуға қабылданған студенттердің осы Қағидалар мен рәсімдермен талап етілетін және қабылдау кезеңінде үміткердің Жеке кабинетіне жүктелген құжаттары Регистратор офисінде электрондық форматта қолжетімді және студенттің жеке ісін қалыптастыру үшін пайдаланылады.

3.2.4. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына студенттерді қабылдау кезеңін, кезеңдер санын және қабылдаудың барлық соңғы мерзімдерін Мектеп деканы немесе оны алмастыратын тұлға Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің келісімі бойынша белгілейді және Университеттің веб-сайтында жарияланады.

3.2.5. Барлық құжаттар ағылшын тілінде немесе нотариалды куәландырылған ағылшын тіліндегі аудармасымен бірге ұсынылуы тиіс.

3.2.6. Үміткерлер бір академиялық жыл ішінде Университет ұсынатын тек екі Бағдарламаға ғана өтінім бере алады. Екі Бағдарламаға да түскен жағдайда, үміткер тек бір Бағдарламаны таңдауы тиіс.

3.2.7. Құжаттардың толық пакетін ұсыну Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына түсуге кепілдік бермейді.

3.2.8. Көрінеу жалған және/немесе толық емес деректерді ұсыну конкурстан шығаруға немесе оқуға қабылдауды тоқтатуға немесе оқуға қабылданған жағдайда Университеттен шығаруға әкеп соғады.

3.2.9. Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткерлер Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің сұрауы бойынша осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшаның 4-тармағында көрсетілген құжаттардың сканерленген нұсқасын ұсынуы тиіс.

3.2.10. Оқуға қабылдау туралы шешім шағымдануға жатпайды.

3.3. Қабылдау комиссиясы

3.3.1. Қабылдау комиссиясы құжаттарды қарауға, қабылдау туралы шешімге сәйкес үміткерлерді бағалауға және оқуға қабылдауға ұсынуға уәкілетті.

3.3.2. Қабылдау комиссиясының мүшелері қабылдау процесінің осы Қағидалар мен рәсімдерге, сондай-ақ Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасы бойынша ғылым докторы дәрежесін алу үшін қабылдаудың нақты талаптарына және Университеттің басқа да ішкі құжаттарына сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

3.3.3. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасының әрбіреуінде өз Қабылдау комиссиясы мен хатшысы болуы тиіс.

3.3.4. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасы бойынша Қабылдау комиссиясы ОПҚ мүшелерінен және бір немесе бірнеше сыртқы сарапшыдан тұрады.

3.3.5. Қабылдау комиссиясының дауыс беретін мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы, бірақ 5 (бес) адамнан кем болмауы тиіс. Қабылдау комиссиясының құрамына дауыс беруге құқығы бар мүшелерден басқа дауыс беруге құқығы жоқ мүшелер де енгізілуі мүмкін.

3.3.6. Қабылдау комиссиясының қызметін Қабылдау комиссиясының төрағасы (бұдан әрі – Төраға) басқарады. Қабылдау комиссиясының мүшелері, оның ішінде Төраға, Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен бекітіледі.

3.3.7. Қабылдау комиссиясының құрамына Төрағаның орынбасары кіруі мүмкін. Төрағаның орынбасары Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен тағайындалады. Қабылдау комиссиясының Төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттіктерін Төрағаның орынбасары жүзеге асырады.

3.3.8. Қабылдау комиссиясының хатшысы Университет Провостының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның шешімімен тағайындалады. Хатшы Қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясының хатшысы болмаған жағдайда Қабылдау комиссиясының Төрағасы немесе ол уәкілеттік берген тұлға Мектеп Деканының келісімі бойынша Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында мұндай ауыстыруды көрсете отырып, алмастыратын хатшыны тағайындайды.

3.3.9. Қабылдау комиссиясының хатшысы:

1) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларында қамтылған ақпараттың дұрыстығы;

2) Қабылдау комиссиясының жұмысын үйлестіру және Қабылдау комиссиясының отырыстарын ұйымдастыру;

3) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларын жүргізу;

4) алдын ала іріктелген үміткерлерді әңгімелесуге шақыру;

5) үміткерлердің құжаттар пакетін және әңгімелесу нәтижелері бойынша үміткерлер алған бағалау нәтижелерін қалыптастыру (егер қолданылса);

6) студенттерді қабылдау мәселелері бойынша Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен тығыз ынтымақтасу және өзара әрекеттесу;

7) Қабылдау комиссиясы отырыстары хаттамаларының тілдік нұсқаларының сәйкестігі;

8) Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасын тіркеу және архивтеу үшін Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне беру;

9) Қабылдау комиссиясының және оның Төрағасының тапсырмаларына сәйкес басқа да іс-шараларды жүзеге асыру үшін жауапты болады.

3.3.10. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына түсетін әрбір үміткерді Қабылдау комиссиясының мүшелері жеке, бейтарап, жан-жақты және бірыңғай тәсілді қолдана отырып бағалауы тиіс. Ол үшін Қабылдау комиссиясының мүшелері өмірлік тәжірибесі, жеке қасиеттері, академиялық жетістіктері мен мансаптық мақсаттары Мектептің мақсаттарына сәйкес келетін және Мектепке өз үлесін қоса алатын және сонымен бірге Мектептегі оқу процесінен пайдалысын алатын үміткерлерді анықтау үшін ең тиімді әдістеме/процесс/бағалау критерийлерін әзірлеуі және қабылдауы тиіс.

Іріктеу әдістемесі/процесі/критерийлері іріктеу процесінде әділ негізде қолданылуы және тиісті академиялық жылғы Қабылдау комиссиясының бірінші отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

3.4. Қабылдау комиссиясының отырыстары

3.4.1. Қабылдау комиссиясының отырыстары Қабылдау комиссиясының қатысып отырған шешуші дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен айқындалатын кворум болған кезде қабылдау кезеңі

ішінде қажеттілігіне қарай өткізіледі.

3.4.2. Қабылдау комиссиясы бейне- немесе аудио конференциялар немесе байланыстың басқа интерактивті тәсілдері арқылы дауыс беруді өткізе алады және отырыста шешімдер қабылдай алады. Мұндай қатысу кворумды анықтау кезінде танылады. Қабылдау комиссиясының шешуші дауыс беру құқығы бар мүшесінің интерактивті қатысу тәсілі отырыс хаттамасында көрсетіледі.

3.4.3. Қабылдау комиссиясының шешімдері дауыс беруге қатысушылардың жай көпшілік дауысымен қабылданады және кворумды анықтау кезінде ескеріледі. Дауыстар тең болған жағдайда Төраға шешуші дауыс беруге құқылы. Қабылдау комиссиясының құрамында Төрағаның орынбасары бар болған жағдайларда, Төраға болмаған кезде дауыстардың теңдігі туралы мәселелер Төраға орынбасарының шешімімен шешіледі.

3.4.4. Қабылдау комиссиясының шешімдері түпкілікті болып табылады және Университет отырысының хаттамасын жасауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес Қабылдау комиссиясының хатшысымен отырыс(тар) хаттамасында ресімделеді. Отырыстың (отырыстардың) хаттамасы оқуға қабылдауға ұсынылған барлық талапкерлердің, күту парағына қойылған талапкерлердің, қабылдау туралы ұсынысты қабылдаған және өз еркімен немесе еріксіз бас тартқан талапкерлердің, оқуға қабылдауды кейінге қалдырған талапкерлердің рейтингін қамтиды. Қабылдау комиссиясы отырыстарының жұмыс тілі – ағылшын тілі. Отырыстың (отырыстардың) қазақ және ағылшын тілдеріндегі хаттамасына Қабылдау комиссиясының Төрағасы (немесе Төрағаның орынбасары) мен хатшысы қол қояды.

3.4.5. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және қызметтік міндеттері шеңберінде Университет жұмыскерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

3.4.6. Қабылдау комиссиясы отырысының барлық хаттамаларын Қабылдау комиссиясының хатшысы белгіленген тәртіппен нөмірлейді, сканерлейді, тігеді және байлайды, Университет архивіне тапсырылғанға дейін Студенттерді оқуға қабылдау департаментінде тіркеледі және сақталады.

3.5. Қабылдау шарттары мен тәртібі

3.5.1. Конкурсқа келесі критерийлерге сай келетін үміткерлер қатыса алады:

1) жоғары оқу орындары магистратурасының соңғы курсында білім алушылар;

2) жоғары оқу орындарының магистратурасын бітірген ізденушілер;

3) Мектеп белгілеген басқа арнайы қосымша оқуға түсу талаптары.

3.5.2. Бір іріктеу циклі шеңберінде Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасы бойынша оқуға үміткерлерді іріктеу процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Бірінші кезең – Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Жеке кабинеттегі құжаттар пакеттерін қарайды және осы Қағидалар мен рәсімдерге тиісті қосымшаға сәйкес Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына қойылатын ең төменгі түсу талаптарына сәйкестігін тексереді.

Студенттерді оқуға қабылдау департаменті үміткер іріктеу процесінің келесі кезеңіне өтпес бұрын Қабылдау комиссияларына үміткердің мәртебесі, қабылдау талаптарына сәйкестігі туралы ақпаратты және құжаттардың толық пакетін ұсынады.

2) Екінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері Қабылдау комиссиясы әзірлеген әдістемеге сәйкес қабылдау талаптарына сәйкес келетін құжаттардың толық пакетін қарайды және іріктейді.

3) Үшінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері алдын ала іріктеуден өткен үміткерлермен жеке өзі немесе бейнеконференция режимінде әңгімелесу өткізеді. Қабылдау комиссиясының мүшелері құжаттар пакетін қарау және әңгімелесу негізінде қабылдау үшін соңғы үміткерлерді анықтайды.

Тағайындалған интервьюерлердің саны әңгімелесуден өтетін әрбір үміткерге 2 (екі) адамнан кем болмауы тиіс. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің бірде-біреуі нақты үміткер қызығушылық танытатын зерттеу саласында жоғары біліктілікке ие болмаған жағдайларда, Қабылдау комиссиясы қосымша интервьюерлерді тағайындай алады.

Қабылдау комиссиясы өз қалауы бойынша қабылдауға қосымша талаптар енгізе алады.

3.5.3. Осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада көрсетілген оқуға қабылдау талаптарына сәйкес келетін толық емес өтінімдер Қабылдау комиссиясының сұрау салуы бойынша Мектепке және үшінші кезеңге ұсынылуы мүмкін. Басқа жағдайларда, толық емес өтінімдерді Қабылдау комиссиясы қабылдамайды.

Қабылдау комиссиясының мүшелері әзірленген әдістемеге сәйкес өздері ұсыным хат берген үміткерлерді бағалауға қатыса алмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты кез келген қажетті оқуға түсу тестілерін ұйымдастыру/тапсыру мүмкін болмаған жағдайда Қабылдау комиссиясы көрсетілген негізгі емтихандарды басқа балама емтихандармен ауыстыруға құқылы. Бұл ретте Қабылдау комиссиясы Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында көрсете отырып, іріктеудің және бағалау критерийлерінің пәрменді әдістемесін әзірлейді және бекітеді.

Іріктеуден өтпеген өтінімдерді Қабылдау комиссиясы қабылдамайды.

3.5.4. Құжаттар пакетін және әңгімелесу нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша Қабылдау комиссиясы үміткерлерді сыныптайды және Магистратура/Докторантура бағдарламасының дайындық жылы бойынша оқуға қабылдауға ұсынылған үміткерлерді (бар болса) қоса алғанда, Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына қабылдау үшін іріктеу критерийлеріне сәйкес келетін үміткерлерді ұсынады.

3.5.5. Оқуға қабылдауға ұсынылған және Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына қабылдаудан бас тартылған үміткерлерге Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы хабарлама-хат жібереді.

3.5.6. Барлық оқуға түсу талаптарына сәйкес келетін, бірақ Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына бөлінген орындар саны шектеулі болғандықтан оқуға қабылдауға ұсынылғандар қатарына кірмеген үміткерлерді Қабылдау комиссиясы күту парағына енгізеді. Күту парағына енгізілген үміткерлер Қабылдау комиссиясы айқындаған рейтинг тәртібімен орналастырылады. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына оқуға қабылдау жылының Академиялық күнтізбесіне сәйкес сабақтардың бірінші күніне дейін орын босатылған жағдайда, ол күту парағындағы кезектегі үміткерлерге қабылдау туралы хабарлама-хатпен ұсынылады.

3.5.7. Университеттен хабарлама-хат алған кезде үміткерлер Жеке кабинетте қабылдау туралы растау нысанына қол қою арқылы қабылдау туралы хатта көрсетілген мерзімге сәйкес қабылдау туралы ұсынысты қабылдау немесе одан бас тарту жолымен бұл туралы Университетке ресми түрде хабарлауы тиіс. Оқуға қабылданғанын растаудың қол қойылған нысаны ұсынылмаған жағдайда үміткер Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына қабылданбайтын болады.

3.5.8. Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткер шақыруды қабылдамаған немесе көрсетілген мерзім ішінде жауап бермеген жағдайда, шақырудың күші жойылады және хабарлама-хат күту парағындағы рейтинг бойынша келесі үміткерге жіберіледі.

3.5.9. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына үміткерлерді қабылдау Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен ресімделеді.

3.5.10. Оқуға қабылдау туралы шешімде қабылданған әрбір үміткердің оқуын қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс.

Қаржыландыру көздері мыналар болуы мүмкін:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) белгілі бір стипендия және/немесе демеушілік қолдау;

3) ақылы негізде – оқу ақысын өз бетімен немесе жұмыс берушінің қаражаты есебінен төлейтін үміткерлер үшін.

3.5.11. Егер оқуға қабылдауға ұсынылған үміткер бітіруші курс студенті болса, ол қабылдау жылының магистратура/докторантура бағдарламасына арналған академиялық күнтізбеге сәйкес Бағдарлау аптасының басында Университетке диплом мен ресми қорытынды транскриптті ұсынуы тиіс.

3.5.12. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаражаты есебінен бұрын философия докторы (Ph.D) дәрежесін алған үміткерлер Магистратура/Докторантура бағдарламасының дайындық жылы курсынан өте отырып немесе өтпей, мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде

Университеттің Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына қабылдана алмайды.

3.5.13. Қабылданған үміткерлердің жалпы саны Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына бөлінген орындар санынан аспауы керек.

3.5.14. Магистратура/докторантура бағдарламасының дайындық жылының бағдарламасына қабылданған үміткерлер өздері шартты түрде қабылданған Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасының студенттері болып есептеледі. Шартты мәртебені өзгерту үшін студенттер Университеттің Магистратура/Докторантура бағдарламасының дайындық жылына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдерге сәйкес барлық ағылшын тілі курстары мен пәндік курстардан өтіп, Магистратура/докторантура бағдарламасының дайындық жылын сәтті аяқтауы керек.

3.5.15. Магистратура/докторантура бағдарламасының дайындық жылының студенті қажетті өту балдарын және/немесе сабаққа қатысу талаптарын орындамаған жағдайда, ол Университеттің ішкі ережелеріне сәйкес Университеттен шығарылуға жатады.

3.5.16. Магистратура/Докторантура бағдарламасының дайындық жылының студенттері өздері өтінім берген және әңгімелесуден өткен Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасы бойынша оқуын жалғастырады деген есеппен қабылданады. Магистратура/Докторантура бағдарламасының дайындық жылында студенттерге оқу бағдарламасын өзгертуге рұқсат етілмейді. Магистратура/Докторантура бағдарламасының дайындық жылының студенттері өздері қабылданған Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасынан өзгеше Университеттің басқа докторантура бағдарламасында оқуға ниет білдірсе, Университеттің басқа докторантура бағдарламасына өтінім беріп, барлық қажетті құжаттарды ұсына алады. Дегенмен, олар Магистратура/Докторантура бағдарламасының дайындық жылын сәтті аяқтаған болса да, докторантураның жаңа бағдарламасы бойынша оқуға орналасуға кепілдік берілмейді.

3.5.17. Бір жылға кейінге қалдырылған оқуға түсуді Қабылдау комиссиясы Мектеп деканының немесе оны алмастыратын тұлғаның рұқсатымен ерекше жағдайларда Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасы бойынша оқу басталғанға дейін ұсынуы мүмкін. Оқуға қабылдануы кейінге қалдырылған үміткерлерге грант немесе қандай да бір қаржылық қолдау бөлу үміткерлердің жаңа легін қарау шеңберінде конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Кейінге қалдырылған оқуға түсу осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.14-тармағына сәйкес шартты түрде қабылданған студенттер үшін көзделмеген. Кейінге қалдырылған оқуға түсу үміткерге өткен жылдың өтінімі негізінде Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасының келесі жылына қабылданған болып есептелуге мүмкіндік береді, бірақ қаржылық

қолдаудың (болған жағдайда) сақталуын көздемейді.

3.5.18. Үміткерлерге университеттік гранттар, стипендиялар бөлу және ақылы негізде оқуға қабылдау Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.5.19. Қабылдау комиссиясы Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен бірлесе отырып, осы Қағидалар мен рәсімдермен регламенттелмеген мәселелерді шешеді.

3.5.20. Үміткерлер ұсынған Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына түсуге қатысты барлық құжаттар мен басқа да материалдар Университеттің меншігіне айналады және Университетте құпиялыққа қатысты қабылданған қағидалар мен рәсімдерді қорғаудың мәні болып табылады. Оқуға қабылданған үміткерлердің құжаттары қайтарылмайды. Егер оқуға қабылданған үміткерлердің құжаттары Регистратор офисіне тапсырылмаса, үміткер оқудан бас тартқан жағдайда оған қайтарылуы мүмкін.

3.5.21. Үміткерлерді іріктеу процесіне қатысты кез келген ақпарат құпия болып табылады.

4-бөлім. Босату

4.1. Университеттің Провосты осы Қағидалар мен рәсімдердің кез келген ережесінен босатуды ұсынуға құқылы.

5-бөлім. Уақытша ереже

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына арналған осы Қағидалар мен рәсімдер бекітілгеннен және іріктеу циклі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қаралуы және қажет болған жағдайда қайта қаралуы тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысы және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында отырыстар хаттамаларын жасауға қойылатын белгіленген талаптар.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне қосымша

«Химия саласындағы докторантура» бағдарламасына, «Өмір туралы ғылымдар саласындағы докторантура» бағдарламасына, «Физика саласындағы докторантура» бағдарламасына, «Математика саласындағы докторантура» бағдарламасына түсуге қойылатын талаптар мен қосымшалар пакетінің бақылау тізімі

1. «Химия саласындағы докторантура» бағдарламасына, «Өмір туралы ғылымдар саласындағы докторантура» бағдарламасына, «Физика саласындағы докторантура» бағдарламасына, «Математика саласындағы докторантура» бағдарламасына (бұдан әрі – Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасы) оқуға түсуге өтінім беретін үміткерлерде мыналар болуы тиіс:

1) Қабылдау комиссиясы айқындайтын тиісті пән бойынша негізгі жоғары білім (бакалавр дәрежесі немесе баламасы) және магистр дәрежесі (немесе баламасы) (Қабылдау комиссиясы қай пәннің сәйкес екендігі туралы шешім қабылдауға жауапты болады).

Магистратура бағдарламасының соңғы курс студенттері ағымдағы транскриптті ұсынуы тиіс және оқуын аяқтайтын университеттен магистр дәрежесіне қойылатын талаптардың орындалғаны туралы растау хатын ұсына алады. Магистратура бойынша оқуды аяқтау туралы диплом магистратураның/докторантураның Академиялық күнтізбесіне сәйкес Бағдарлау аптасы басталғанға дейін тапсырылуы тиіс.

Шетелдік оқу орындарында дәреже беру туралы диплом/сертификат алған үміткерлер ресми транскрипттерді тікелей Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне сұрауы керек. Ерекше жағдайларда, егер шетелдік оқу орны мұндай қызметтерді ұсынбаса, үміткер транскриптті шетелдік оқу орны корпоративтік электрондық пошта арқылы растағаннан кейін Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне тапсыра алады. Егер үміткерлер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі берген дипломды нострификациялау туралы куәлікті немесе шетелдік оқу орны апостиль қойған құжатты ұсынса, ресми транскриптті Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне тікелей жіберу міндетті болып табылмайды;

DIRECTUM-27926-3252207

2) CGPA үміткердің ең жоғары ғылыми дәрежесіне сәйкес 4,00-ден 2,75-тен төмен емес;

3) осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген ағылшын тілін меңгерудің қажетті деңгейі;

4) екі құпия ұсыным хат ағылшын тілінде (немесе ағылшын тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы бар). Екі ұсыным хаттың біреуін қазіргі немесе алдыңғы жұмыс беруші немесе ғылыми жетекші жазуы керек. Екінші ұсыным беруші тұлға үміткердің қалауы бойынша таңдалуы мүмкін;

5) Бағдарламаға түсуге ұмтылу себептерін түсіндіре және ғылыми зерттеудің алдын ала тақырыбын көрсете отырып, 1000 сөзден аспайтын оқу мақсаттары туралы өтініш. Үміткерлерге ОПҚ-ның жетекшілігімен әлеуетті ғылыми жобаларды талқылау үшін олармен хабарласу ұсынылады.

6) GRE тестімен расталған оқу, аналитикалық және математикалық дағдылардың жоғары деңгейі (қалауы бойынша). GRE ресми балдары міндетті талап болмаса да, үміткер бәсекеге қабілетті GRE балы арқылы өз өтінішін жақсарта алады;

7) түйіндеме (А4 форматындағы екі бетке дейін).

2. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына қабылдау үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейін тестілеу нәтижелеріне қойылатын абсолютті ең төменгі талап IELTS тесті бойынша жалпы балл 6,5 (әр секция бойынша кемінде 6,0) немесе ETS сайтында жарияланған TOEFL тестінің балама балы болып табылады.

Магистратура/докторантура бағдарламасының дайындық жылы бойынша оқуға түсу үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейін тестілеу нәтижелеріне қойылатын абсолютті ең төменгі талап IELTS тесті бойынша жалпы балл 5,5 (әр секция бойынша кемінде 5,0) немесе ETS сайтында жарияланған TOEFL-дің (Home Edition-ды қоспағанда) балама балы болып табылады.

3. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламасына түсетін үміткерлер Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша мынадай жағдайлардың бірінде:

1) ағылшын тілі қарым-қатынастың, академиялық оқудың және күнделікті өмірдің ресми тілі болып табылатын елде академиялық дәреже алса;

2) ағылшын тілінде ресми түрде оқытылатын бағдарлама бойынша магистр дәрежесін немесе баламалы дәрежені алса;

3) егер үміткер Университеттің түлегі болса, ағылшын тілін меңгеру деңгейін тексеру нәтижелерін тапсырудан босатылуы мүмкін.

4. Жаратылыстану-ғылыми бағытындағы докторантура бағдарламаларына түсу үшін қажетті құжаттар пакетінің тізбесі:

1) Бағдарламаға толтырылған өтініш нысаны;

2) жоғары (базалық) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың/аттестаттардың транскриптімен бірге сканерленген көшірмесі (қазақстандық университеттерден алынған транскрипттер нотариалды куәландырылуы тиіс). Шетелдік оқу орындарынан диплом/сертификат алған

DIRECTUM-27926-3252207

үміткерлер қосымшаның 1-тармағының 1) тармақшасына қосымша сілтеме жасайды;

3) ағылшын тілі оқыту тілі болғанын растайтын құжат (тек ағылшын тілінде білім алған және IELTS немесе TOEFL сертификаттарын беруден босатуды қалайтын үміткерлер үшін);

4) паспорттың/жеке куәліктің сканерленген көшірмесі;

5) соңғы 12 ай ішінде жазылған екі құпия ұсыным хат (ұсыным хат беруші Университет жүйесі арқылы немесе сканерленген көшірмеде ұсынылады);

6) түйіндеменің сканерленген көшірмесі (А4 форматындағы 2 беттен артық емес);

7) Бағдарламаға түсуге ұмтылу себептерін түсіндіретін және зерттеудің алдын ала тақырыбын көрсете отырып, оқу мақсаттары туралы 1000 сөзден аспайтын өтініш;

8) тегінің өзгергенін растайтын ресми құжаттың сканерленген көшірмесі (егер қолданылса);

9) Тест әкімшісінің жүйесінен жүктелген IELTS немесе TOEFL жарамды академиялық сертификатының балдары туралы расталған есеп және оның сканерленген көшірмесі. Жеке кабинетте жүктелген IELTS/TOEFL сертификаты оқуға түсу конкурсында ескеріледі. Онлайн-құжаттарды тапсыру күніне жарамды IELTS немесе TOEFL сертификаты (2 жылдан астам емес). Үміткер тестілеуге тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер үміткер тестті ертерек тапсырса, ол тестілеу орталығына хабарласып, Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсете алады;

10) Онлайн-құжаттарды тапсыру күніне жарамды GRE сертификатының нәтижелері туралы расталған есеп және оның сканерленген көшірмесі (міндетті емес). Үміткер тестілеуге тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер үміткер тестті ертерек тапсырса, ол тестілеу орталығына хабарласып, Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсете алады.